

«6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Иляшова Гулия Кенжебековнаның «Қазақстан Республикасының заманауи экономикасындағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы: қалыптасуы және даму тенденциялары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс қазіргі ғылыми сұраныстарға сай зерттеліп, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыста орындалған. Солардың ішінен Қазақстан Республикасының «Жұмыспен қамту туралы заңы», Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы баса назарға алынғандығын және олардың мақсат-міндеттерінің сабақтасып жатқандығын айтуға болады.</p> <p>Диссертация ғылым дамуының келесі басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>1) Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы, 2019 жылғы 2 қыркүйек, №169; 2) Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халықтың санын анықтау Әдістемесі «10» қаңтар 2013 жыл №3; 3) Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы; 4) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетімен 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 328 бұйрығымен бекітілген «Бейресми халықты жұмыспен қамту көрсеткіштерін қалыптастыру Әдістемесі».</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Диссертациялық жұмыста сипатталған әрбір ғылыми нәтижелер тиісті негіздемелерге сүйенеді. Олардың шынайылығын ізденушінің жүргізген зерттеулері арқылы растауға болады:</p> <p>- автордың зерттеу жұмысының нәтижелері осы бағытта ізденіс жасаған көптеген экономист-ғалымдардың еңбектерін, тұжырымдарын қарастырып салыстыру мен талдау арқылы</p>

			<p>қорытынды жасалып дәлелденген;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыстағы ақпараттар Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының жылнамаларынан, Алматы қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығының материалдарынан алынған;</li> <li>- зерттеу тақырыбы бойынша жарық көрген бірнеше ғылыми мақалаларында жұмыстың ғылыми тұжырымдары баяндалған;</li> <li>- зерттеу нәтижелерінің шынайылығы оның Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Алматы қаласы еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысында және «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Алматы қаласы бойынша аймақтық филиалы тәжірибелерінде ақпараттық-аналитикалық материал ретінде пайдалы болуы туралы актінің енгізілгендігімен расталған.</li> </ul>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде жазылған. Ізденуші дербестік принципін сақтаған. Диссертация жаңалығы және алынған нәтижелер экономикалық ғылымға деген жеке үлесті көрсетеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Ізденуші диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігін дәлелдеген. Қазіргі таңда еңбек нарығында жұмыспен қамтудың стандартты емес түрлері дамуда, олардың ішінде өзін-өзі жұмыспен қамту елімізде кең таралып отыр. Сәйкесінше өзін-өзі жұмыспен қамту Қазақстанда мемлекеттік деңгейде шешімін табуы тиіс мәселеге айналып отыр. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың іс-әрекеті негізінен, халық арасында сұранысқа ие жеке тауарлар мен қызметтер өндірісін қамтамасыз етеді. Қоғамда азаматтарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және оның тиімділігін арттыру мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі болып келеді. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында жұмыспен қамту - бүкіл қоғамның бірлескен еңбегінің нәтижесі болу керектігін алға тартты. Қазақстан Республикасында халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу және жұмыс істемейтін азаматтардың санын азайтудағы белсенді саясаттың бір бағыты өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамытудағы болашаққа жоспарлар жоғары әлеуметтік маңызға ие. Бұл мәселе таңдалған диссертация тақырыбының өзектілігін айқындайды.</p>

		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды;</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды;</p>	<p>Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының тақырыбын толығымен айқындайды. Зерттеу жұмысы құрылымы жағынан кіріспеден, негізгі бөлімі – үш бөлімнен және әр бөлім үш бөлімшеден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p> <p>Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне жетуге бағытталғаны айқын көрініп тұр. Бірінші бөлімде Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының теориялық - әдістемелік негіздері толықтай ашылған; екінші бөлімде Қазақстан Республикасы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту саласындағы экономикалық қатынастар жүйесін талдап, модель тұрғызған; үшінші бөлімде Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамтуының даму тенденциялары мен перспективалары анықталып, халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы бойынша ұсыныстар жасалған.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде берілген мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері жұмыстың негізгі нәтижелерінде көрініс тауып, барлық бөлімдерде бірізділік қағидасы сақталғандығы байқалады.</p> <p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделеу және өзін-өзі жұмыспен қамту саласын талдау негізінде тәуекелдерді анықтау арқылы даму мүмкіндіктері мен бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.</p> <p>Зерттеу мақсатына сәйкес диссертациялық жұмыста келесідей міндеттер шешу көзделген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының даму үрдістері мен заңдылықтарын зерттеу арқылы өзін-өзі жұмыспен қамту тұжырымдамасының мазмұнын қарастырып өзін-өзі жұмыспен қамтудың авторлық түсініктемесін нақтылау;</li> <li>- экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу тетіктерінің халықаралық тәжірибесін қарастыру;</li> <li>- Қазақстан Республикасындағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту ерекшелігі мен қазіргі жағдайын талдау арқылы оның даму динамикасын бағалау;</li> <li>- өзін-өзі жұмыспен қамту санатындағы халықтың экономикалық және құқықтық жағдайын талдай отырып өзін-өзі</li> </ul>

			<p>жұмыспен қамтыған халық санының жалпы ішкі өнімнің өсу қарқынына әсерін көрсететін модель тұрғызу;</p> <p>- зерттеу нәтижелері негізінде Қазақстан Республикасының икемді еңбек нарығын қалыптастыруда халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын дамыту бағыттары мен ынталандыру жолдары бойынша ұсыныстар әзірлеу.</p> <p>Ізденуші жұмыстың мақсатына сәйкес қойылған міндеттерді шешу арқылы ғылыми нәтижелерге қол жеткізген.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан. Ізденушінің зерттеу жұмысы логикалық тізбекті сақтай отырып орындалған, ғылыми тілмен баяндалған. Диссертацияның ішкі біртұтастығы сақталған.</p> <p>Диссертация теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуге бағытталған. Диссертациялық жұмыс «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша жазылған, жұмыста ғылыми-тәжірибелік зерттеу басым, және жұмыстың теориялық бөлімі де терең зерделенген. Диссертацияда экономикалық ғылымдардың дамуына оң ықпалды болатын жаңа көзқарастағы теориялық қорытындылар мен тұжырымдамалар бар.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p><u>Сыни талдау бар.</u> Ізденуші өзін-өзі жұмыспен қамту бойынша отандық және шетелдік ғылыми еңбектердегі ғылыми тұжырымдарды, ресми бекітілген құжаттардағы ережелерді сыни тұрғыдан талдай отырып, диссертациялық зерттеудің мазмұнын толық айқындайтын тұжырымдар жасаған.</p>
5.	Ғылыми Жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <u>жартылай жаңа</u> болады. Автордың өзін-өзі жұмыспен қамтудың экономикалық мәнін ашу үшін ұсынған авторлық түсіндірмесі, өзін-өзі жұмыспен қамтудың қалыптасуының факторлары, Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамтудың қазіргі жағдайы мен оның даму тенденциясын талдауы, халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының Қазақстан экономикасы дамуына әсерін бағалаудағы модель тұрғызуы, елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтудың қалыптасуы мен құрылымын талдау негізінде фриланс, жеке кәсіпкер, өзін-өзі жұмыспен қамту ұғымдарының сипаттамасы және</p>

			қолданылу ерекшелігін анықтай отырып елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың даму сценарийін жасауы, Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба негізінде өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды өз ісін ашуға бағдарлау және шағын кәсіпкерлікті дамытуға барынша жағдай жасау бойынша берген ұсыныстары және соның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды шағын кәсіпкерлікті құрудың алғы шарты деп тануы жаңа деп бағаланады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ізденушінің диссертациялық жұмысында тұжырымдалған қорытындылары жаңа және сенімді болып табылады. Диссертациядағы қорытындыларының сенімділік деңгейі, талдауларда арнайы бағдарламаларды қолдана отырып және сауалнама жүргізу әдісімен нақты нәтижелерді ұтымды түрде негізді интерпретациялаумен, нақты мәліметтерді алуымен толық айқындалады. <i>Ұсыныс: диссертациялық жұмыстың бөлімдерінде айқындалып көрсетілген құнды тұжырымдар жұмыстың қорытынды бөлімінде де толықтай көрініс тапқаны орынды болар еді.</i>
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Олар өз кезегінде диссертациялық жұмыста берілген зерттеу нәтижелерін енгізу актілерімен расталады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары, жартылай жаңа ғылыми негізделген теориялық және эмпирикалық нәтижелерді қамтиды. Диссертациялық зерттеуде тұжырымдалған ізденушінің негізгі тұжырымдары мен қорытындылары жеткілікті түрде дәлелденген, олар ғылыми маңызды әдеби дереккөздер мен ресми статистикалық мәліметтерге негізделген. Сондай-ақ, заманауи экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың рөлін және олардың үлесін елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтушы адамдарға сауалнама жүргізу арқылы анықталып өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды өз ісін ашуға бағдарлау және шағын кәсіпкерлікті дамытуға барынша жағдай жасау бойынша ұсыныстар беруде

			арнайы әдістер қолданылды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>жоқ</p>	<p>Докторант диссертацияны қорғауда бес негізгі тұжырымдаманы шығарып отыр:</p> <p>1) Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың әлеуметтік мәртебесін нақтылау және оның жеке кәсіпкерлікті дамытудың алғы шарты екенін анықтай отырып өзін-өзі жұмыспен қамтудың экономикалық мәніне берілген авторлық түсіндірмесі.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>4) тар;</p> <p>5) орташа;</p> <p>6) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>2) <u>ия</u></p> <p>жоқ</p> <p>2) Қазақстан экономикасындағы бейресми жұмыспен қамтылуды мемлекеттік реттеудің тетіктерін көрсете отырып өзін-өзі жұмыспен қамтудың мемлекеттік реттеу кезеңдері айқындалды және Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) тетігі талданды.</p>

			<p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?  1) дәлелденді;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  3) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) иә;  2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?  1) <u>иә</u>;  2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <u>ия</u>  2) жок  3) Ұлттық экономика дамуына халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының әсерін бағалау үшін елдегі ЖІӨ мен халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы арасындағы байланысты модельдеу арқылы олардың өзара байланысы анықталды және негізделді.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?  1) дәлелденді;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) иә;  2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?  1) <u>иә</u>;  2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>
--	--	--	--

			<p>1) <u>ия</u> 2) жоқ</p> <p>4) Қазақстан Республикасы өзін-өзі жұмыспен қамтудың даму сценарийлері жасалды және соның шегінде фриланс, дара кәсіпкер, өзін-өзі жұмыспен қамту түсініктерінің сипаттамасы нақтыланды, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікті дамыту арқылы елдегі жұмыссыздық деңгейін төмендетуге негіз бола алатындығы дәлелдене отырып өзін-өзі жұмыспен қамтуды шағын кәсіпкерліктің алғы шарты деп тану ұсынылды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>2) <u>тар</u>; 3) <u>орташа</u>; 4) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u> 2) жоқ</p> <p>5) Заманауи экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың рөлін және олардың үлесін елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтушы адамдарға сауалнама жүргізу арқылы анықталып өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды ынталандыру бойынша ұсыныстар жасалды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p>
--	--	--	---

			<p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) жоқ</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның негізгі тұжырымдарын ұсыну әдістемесі жұмыста өте жақсы және жан-жақты дәлелденген. Белгілі бір әдісті қолданудың дәлелі ретінде зерттеу әдісін таңдаудың дұрыстығын растайтын әдебиет көздері келтіріледі. Зерттеу әдістемесі бір мәселені шешуге бағытталған бірнеше зерттеу әдістерін біріктіру арқылы ұсынылды. Бұл алынған нәтижелердің сенімділігін арттырады. Таңдалған зерттеу әдістері диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге және алынған нәтижелерге сәйкес келеді.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы зерттеу әдістемесінің ерекшелігі жұмыс нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми зерттеу мен компьютерлік технологиялар көмегімен ақпараттарды өңдеу және интеграциялау құралдарын пайдалана отырып орындалуында. Ізденуші ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтерін пайдаланып өңдеген, Microsoft Excel және EViews талдау пакеттік бағдарламасы қолданылған, Алматы қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығының материалдарын талдап, синтездеп, ғылыми жіктеген. Сондай-ақ республика өңірлері бойынша жергілікті жерлерде өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту мәселелерін нақтылау арқылы елде жасырын жұмыссыздықты азайту және өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту бойынша ұсыныстар дайындау, өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың БЖТ тетігіне деген көзқарастарын анықтау үшін арнайы әдістер, соның ішінде әлеуметтік пікір-сұраулар, бағдарламалық өнімдерді пайдалана отырып, жиналған ақпаратты бағалаудың аналитикалық құралдары қолданылды - Google формасындағы бағдарламасында онлайн сауалнама жүргізілген.</p>

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Зерттеу жұмысындағы теориялық қорытындылар, модельдеу, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар талдамалық мәліметтермен дәлелденген және расталған.</p> <p>Зерттеу нәтижелері Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Алматы қаласы еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысында және «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Алматы қаласы бойынша аймақтық филиалы тәжірибелерінде ақпараттық-аналитикалық материал ретінде пайдалы болуы туралы актінің енгізілгендігімен расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Зерттеу жұмысында академиялық адалдылық қағидасы сақталған. Диссертациядағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толық жеткілікті. Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі бойынша 197 дереккөзден тұрады және жұмыстың А Қосымшасында 18 әдебиет пайдаланылған. Оның ішінде қазақстандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, халықаралық ұйымдардың және қазақстандық ресми ұйымдардың нұсқаулықтары, Кодекс, Заңдар, Президенттік Жолдаулар бар.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық-әдістемелік тұрғыдан маңызы бар және қызығушылық тудырады. Оның теориялық маңыздылығы жұмыста экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың жағдайын талдауға, мемлекеттік реттеуге ықпал етуге мүмкіндік беретін жаңа теориялық ережелерді, әдістемелік көзқарастарды жасаумен, сол арқылы мүдделі топтарға (мемлекеттік құзырлы органдарға, білім беру ұйымдарына және т.б.) ұсыныстар беруімен анықталады. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері өзін-өзі жұмыспен қамту саласын зерттеудегі ғылыми ілімдерді қорытады, дамытады және толықтырады, сондай-ақ ол осы мәселені зерделеуде жаңа зерттеу міндеттерін қоюға негіз болады. Бұл жұмыс «Экономика», «Менеджмент», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша магистранттар мен докторанттарды дайындауда жоғары оқу орындарында қолдануға лайықты теориялық ұсыныстар береді.</p>

